# Үшінші шақырылған Жамбыл облыстық мәслихаттың 2004 жылы 28 мамырдағы N 3-8 "Жамбыл облысының 2005-2007 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысы Бағдарламасы туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы

Жамбыл облыстық мәслихатының 2005 жылғы 29 сәуірдегі N 8-19 шешімі. Жамбыл облыстық әділет Департаментінде 2005 жылғы 18 мамырда N 1617 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 1 тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

Үшінші шақырылған Жамбыл облыстық мәслихаттың " Жамбыл облысының 2005-2007 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысы Бағдарламасы туралы " 2004 жылғы 28 мамырдағы N 3-8 шешімінің (Әділет департаментінде 1386 нөмірімен мемлекеттік тіркеуден өткен, 2004 жылғы 15 шілдеде облыстық "Ақ жол" газетінің N 88 (15410) санында жарияланған) Жамбыл облысының 2005-2007 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысы бағдарламасын іске асыру шараларының жоспары 1.14 тармағымен қосымшаға сәйкес толықтырылсын.

*Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы* *С.Сейдазимов*

*Облыстық мәслихат хатшысы* *Ә.Әсілбеков*

Жамбыл облыстық мәслихаттың 2005 жылғы 29 сәуірдегі N 8-19 "Үшінші шақырылған Жамбыл облыстық мәслихаттың 2004 жылғы 28 мамырдағы N 3-8 "Жамбыл облысының 2005-2007 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысы Бағдарламасы туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы" шешіміне қосымша

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1.14 | Облыстың құрылыс ұйымда-рына студент-тік құрылыс отрядта-рының мүшеле-рін | Ақпарат | Облыс әкімиятының сәулет, қала құрылысы және құрылыс департамен-ті, облыс әкімиятының ішкі саясат департаменті | 2005 жыл II-IV тоқсан 2006 жыл I-IV тоқсан 2007 | Қаржы-ландыру қажет емес | Объекті-лер бойынша |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жұмысқа тартуға ықпал ету | | | жыл I-IV тоқсан | | бөлінген қаражат |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК